

«Бекітемін»  
«Қорғалжын ауылының мектеп-  
гимназиясы» КММ директоры:

Н.Тәжин

«Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясы» коммуналдық  
мемлекеттік мекемесінің 2023-2024 оқу жылына  
педагогикалық кеңес жоспары

№	Кеңестің күн тәртібіне қойылатын мәселелері	Жауаптылар
<b>Тамыз</b>		
1	Жаңа 2023-2024 оқу жылына лауазымдық жүктемені бөлу және келген мұғалімдермен таныстыру.	Н.Тәжин
2	2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулықтың ерекшеліктері.	Б.Жусупова
3	Мектептің 2023-2024 оқу жылына жұмыс оқу жоспарын бекіту. Оқу үрдісін ұйымдастыру.	Г.Тусупова
4	Мұғалімдердің жүктемесін бекіту.	Г.Тусупова
<b>Қараша</b>		
1	I-тоқсан қорытындысы, білім сапасы. 2023-2024 оқу жылын «Алтын белгі» және үздік аттестатпен аяқтайтын оқушыларды бекіту.	Г.Тусупова
2	Білім алушыларды «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінен 5-8,10 кластарда аралық аттестаттау бойынша әдістемелік ұысыным	Б.Жусупова
3	Мектептерге арналған PISA халықаралық зерттеуін өткізуге дайындық жұмыстары ұйымдастыру.	Б.Жусупова
4	«kundelik.kz» электронды журналдың толтырылу жағдайы.	М.Сайлаубек
<b>Қаңтар</b>		
1	II-тоқсан және I-жартыжылдық бойынша оқу жұмысының қорытындысы. Оқу бағдарламаларының I-жартыжылдықтағы орындалуы. I-жартыжылдықтағы пәндер бойынша үлгермеушіліктің алдын алу.	Г.Тусупова пән мұғалімдері
2	Әдістемелік бірлестік жұмыстарын жүргізу, нәтижелер, қорытындылар, ұсыныстар.	Н.Рахметова А.Рыспаева Н.Махметова

3	Оқушылардың әлеуметтік жағдайын зерделеу туралы.	Г.Абсағиева А.Сұлейменова А.Байтурова
4	Бастауыш 2-4 сынып оқушыларының оқу жылдамдығының 1-жартыжылдық бойынша нәтижесі.	А.Рыспаева
<b>Наурыз</b>		
1	ІІІ- тоқсан қорытындысы. 9,11 сынып оқушыларын қорытынды аттестаттауға дайындау.	Г.Тусупова
2	1 және 5-класс оқушыларының бейімделуіндегі проблемалары, шешу жолдары.	А.Сұлейменова А.Байтурова
3	Көркем еңбек пәні бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы.	С.Омаров Б.Досымова Ш.Адилханова
4	4 класстардағы педагогикалық консилиумнің өту барысы, ұсыныстар.	Б.Жусупова
<b>Мамыр</b>		
1	Оқушыларды кластан-класқа көшіру, 9,11 кластарды емтиханға жіберу, үздік оқушыларды мақтау қағазымен марапаттау тізімін бекіту.	Н.Тәжин Класс жетекшілері
2.	Мемлекеттік және аралық аттестаттау, емтиханға дайындық: 5-8,10,9,11 класс оқушыларының үлгерім сапасы.	Г.Тусупова
3.	2023-2024 оқу жылындағы тәрбие жұмысының қорытынды есебі. Жазғы демалысты ұйымдастыру.	Г.Ашимова А.Алибаев
4.	2023-2024 оқу жылындағы мұғалімдердің рейтинг көрсеткіші. Мектеп жетістіктері.	Б.Жусупова
<b>Маусым</b>		
1	Мемлекеттік қорытынды және аралық аттестаттау сараптамасы.	Г.Тусупова
2	Түлектерді мектеп тізімінен шығару. Аттестаттарды табыстау рәсіміне дайындық.	Г.Тусупова
3	11 класс оқушыларының ҰБТ тапсыру нәтижесін шығару.	Б.Жусупова

Орындаған:  Б.Жусупова

**2023-2024 оқу жылындағы №1 педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы**

29.08.2023 жыл

Қатысқандар: 68

**Күн тәртібінде:**

1. Жана 2023-2024 оқу жылына лауазымдық жүктемені бөлу және келген мұғалімдерді таныстыру.

Н.Тәжин

2. 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулықтың ерекшеліктері.

Б.Жусупова

3. Мектептің жұмыс жоспарын және мұғалімдердің жүктемесін бекіту. Оқу үрдісін ұйымдастыру.

Г.Тусупова

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Н.Тәжин: – Құрметті әріптестер! Жана оқу жылының басталуымен құттықтаймын! Биылғы жылы мектебімізге жаңадан келген жас мамандар: Оралбаева Умитжан Алданқызы – тарих пәнінің мұғалімі, Мухтарова Жазира Жанатқызы – негізгі, мамандығы бастауыш сынып мұғалімі, бірақ, кітапханашының көмекшісі болып жұмысқа қабылданды.

Сонымен қоса, көп жылдар осы мектепте еңбек етіп келе жатқан орыс тілі мен әдебиеті пәнінің педагог-зерттеушісі Алиева Гүлим Сериковнаны ҚР Оқу-Ағарту министрінің Құрмет грамотасына марапаттауға ұсынысымды білдіремін.

Ұжым бір дауыстан қолдады.

2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулықтың ерекшеліктерімен директордың ФӘЖ жөніндегі орынбасары Б.Жусупова мәлімдеме жасады: – Нормативтік-құқықтық актілер: 1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)

2. «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, ҚР

Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365; 30.09.2022 ж. №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)

3. «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен

4. «Білімді ұлт. Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 12.10.2021ж. №726 Қаулысы

5. «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 ж. №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен.

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. № 130 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023 ж. №68 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)

«Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» (ҚР БҒМ 14.01.2016 ж. №26 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.12.2022 ж. №534 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 27.01.2016 ж. №83 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.12.2022ж. №533 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)

«Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 17.06.2015ж. №391 бұйрығы)

«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы)

«Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» (ҚР БҒМ 12.01.2016 ж. №18 бұйрығы, 31.05.2022 ж. №251 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен)

«Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 7.12.2011 жылғы № 514 бұйрығы, жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 17.08.2022 ж. № 371 бұйрығы)

2023-2024 оқу жылының негізгі ерекшеліктері:

- Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 оқу аптасын, 2-11- сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды.

-1-2-сыныптарда «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндері, 3-4-сыныптарда – «Көркем еңбек» кіріктірілген пәні оқытылады.

- Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептердің 1-сыныбында «Әліппе», «Ана тілі» пәндері оқытылады, 2-сыныбында «Орыс тілі» пәнін оқыту басталады.

Негізгі орта (5-8-сыныптар), жалпы орта (10-сынып) білім беру деңгейлерінде академиялық жылды аяқтаған соң қазақ тілінен емтихан тапсыру енгізіледі.

-Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмысты күшейту.

- Білім беру ұйымдарында тұтас тәрбие бағдарламасын енгізу.

- Домбыра тарту бойынша факультативтік курстар өткізу, мектептердегі шахмат секцияларының желісін кеңейту.

- Мерейтойлар мен атаулы күндерге арналған сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру.

- Мектептердің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылын нығайту, «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығын құру.

- Педагогтерге арналған «Цифрлық кітапхана» жобасын жүзеге асыру.

- «Үздіктен үйрен» жобасын іске асыру: «Үздік педагог» байқауы жеңімпаздарының озық педагогикалық тәжірибесін дәріптеу.

Элективті курстардың тақырыптары:

#### **ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ:**

• Жұмбақтар сандығы (1-4-сыныптар).

• Жазылым дағдысын тіл білімі арқылы жетілдіру.

• Тіл мәдениеті.

• Эссе, оның түрлері, бағалауға қойылатын талаптары, өлшемдері.

• Ахметтану.

• «Әлем әдебиеті» курсы.

• Тіл дамыту және сөйлеу мәдениеті.

• Көркем мәтінді талдау.

• Эссе жазу стратегиясы.

• Ұлттық құндылықтар.

#### **Оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптар үшін:**

• Қызықты грамматика.

• Абай тағылымы.

• Тіл таным.

• Жылдам оқу.

• Алаштану.

• Үндестік заңы.

Жиынтық бағалау:

-1-сыныпта ЖБ өткізілмейді.

-2-11-сыныптарда педагог «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес пәндер бойынша ФБ, БЖБ және ТЖБ жүргізеді.

-ФБ кезінде білім алушылардың оқу жетістіктері балл қою арқылы бағаланады. ФБ үшін ең жоғары балл 2-11-сыныптарда 1-ден 10 балға дейін болуы керек

-БЖБ үшін ең жоғары балл 1-4-сыныптарда 7-ден кем емес және 15 балдан көп емес, 5-11 сыныптарда 7-ден кем емес және 20 балдан аспайды.

-ФБ, БЖБ және ТЖБ балдары электрондық журналдарға қойылады. ФБ нәтижелері қағаз форматта басып шығаруды және сақтауды талап етпейді, ал ағымдағы оқу жылындағы білім алушылардың жазбаша жиынтық жұмыстары мектепте осы оқу жылының соңына дейін сақталады.

Мектептің жұмыс жоспарын және мұғалімдердің жүктемесін бекіту. Оқу үрдісін ұйымдастыру туралы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Тусупова мәлімдеме жасады: – 2023-2024 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін туралы айтып кетейін.

1. Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясында 2023-2024 оқу жылы 2023 жылдың 1 қыркүйегінен басталады.
2. Оқу жылының ұзақтығы 1-кластарда – 33 оқу аптасы, 2-11 кластарда – 34 оқу аптасы.
3. Оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:

1-11-кластарда: күзгі каникул – 7 күн (2023 жылғы 30 қазан – 5 қараша аралығында), қысқы – 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсан мен 2024 жылғы 7 қаңтар аралығында), көктемгі – 11 күн (2024 жылғы 21-31 наурыз аралығында); жазғы каникул 2024 жылдың 26 мамырынан басталады.

Мектепалды даярлық және 1-кластарда: қосымша каникул – 7 күн (2024 жылғы 5-11 ақпан аралығында).

4. 5-8 және 10-кластарда қазақ тілінен емтихан тапсыру енгізіледі.
5. Оқушылардың саны азаюына байланысты бұйрық негізінде 5-ші екі орыс класы қосылсын және 6б кластың оқушылары, ата-аналар өтініштері негізінде 6а және 6ә кластарына көшірілсін.
6. 2022-2023 оқу жылының қорытындысы негізінде, оқу сапасы жоғары 4 «а» және 6 «а» кластары жалпы білім беретін кластан гимназиялық кластарға ауыстырылады.
7. Оқу үрдісі 2 ауысымда өткізіледі:

I ауысымда: 1аәб, 4аәбв, 5аәб, 8а, 9абв, 10абв, 11аб кластары;

II ауысымда: 2аәбв, 3аәб, 6аәб, 7аәб, 8әбв кластары;

I ауысым 08.00-де, II ауысым 14.00-де басталады.

1-кластарда сабақ басталуын осы жерде ақылдасып дауысқа салуды ұсынамын 8.00 немесе 8.50.

8. Барлық кластар үшін оқу апталығы 5 күн, сабақ ұзақтығы 45 минут. 1 кластарға СанПиН негізінде қыркүйек айында 3 сабақтан өтеді, сабақ ұзақтығы 35 минут.

9. ПМПК шешімі негізінде 2 оқушыға үйде оқыту ұйымдастырылады: 8 б класында Ермаганбетова Айғаным, 8в класында Голобородько Данил.

Өтініштер негізінде 10а класс қоғамдық-гуманитарлық, 10б және 10в жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша оқытылады.

2023-2024 оқу жылындағы мұғалімдердің жүктемесі.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша:

Досымова Г.Х.: – 5а/5,6ә/5, 8б/5,11а/3, Жаһ-11а/1, 5а/0,5, 6аә/1, 8әб/1, барлығы: 21,5 сағат.

Дангилова К.Ә.: – 5б/4, 6б/4, 7аә/10, 9б/5, 7аә/1, барлығы: 24 сағат.

Бадыкова Ш.К.: – 5б/4, 8ә/5, 9а/5,10в/4, 11б/4, Глоб комп: 10в/1, 11б/1, барлығы: 24 сағат.

Уткельбаева А.М.: – 6а/5, 7б/4, 8в/4, 9в/4, г/к 6а/2, үйде: Ермаг-4, барлығы: 23 сағат.

Сұлтанова Г.М.: – 5ә/5, 8а/5, 10а/5,10б/3, г/к 8а/2, жаһ: 5ә, 8а/1, 10аб/2, барлығы: 23 сағат.

Орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша:

Алиева Г.С.: – 5аә/6,6ә/3, 7ә/3,8аә/6, 8в/5, 9бв/-8, 10аб/4, барлығы: 35 сағат.

Рахметова Н.К. : – 5б/5, 6в/5, 6а/3, 7а/3,7б/5, 8б/3, 9а/3, 10в/3, 11а/2, 11б/3, барлығы: 35 сағат.

Ағылшын тілі пәні бойынша:

Рахимова М.К.: – 7аә/6, 8аб/6, 9аб/6, 10б/3, 11а/3, 6ә/3, барлығы: 27 сағат.

Сураева И.П.: – 3б/2, 4в/4, 5б/6, 6в/3, 7б/3, 8в/3, 9в/3, 10в/3, 11б/3, барлығы: 30 сағат.

Шугаева Г.С.: – 3аә/4, 4аәб/6, 5аә/9, 6аә/6,8б/3, шахматы: 6а-1, 8а-1, барлығы: 27 сағат.

Судейменова А.Б.: – 4а/2, 5аә/6, 6а/3, 7а/3, 8ә/3, 9а/3, 10а/3, барлығы: 23 сағат.

Сарбалина Р.Т. : – 3аә/4, На дому: Голобор/3, барлығы: 7 сағат.

Математика пәні бойынша:

Имажанова Қ.Т. : – 7аб/10, 8а/4, 10б/6, 11а/6, 8а геом выбор-1, барлығы: 27 сағат.

Бексейтова Д.К. : – 6аәв/15, 8в/5, 9а/5, барлығы: 25 сағат.

Бейсембекова Б.Н. : – 7ә/5, 8әб/10, барлығы: 15 сағат.

Уапова М.М. : – 9б/5, 10а/4,10в/6, 11б/6, барлығы: 21 сағат.

Махметова Н.Б. : – 5абв/15, 9в/5, На дому: Голобор/2, барлығы: 22 сағат.

Информатика пәні бойынша:

Сайлаубек М.А. : – 2әв/2, 3аәб/3, 4аәбв/4, 5аәб/3, 6аә/2, 7аб/2, барлығы: 16 сағат.

Сураганова Г.М. : – 2ә/1, 3аә/2, 4ав/2, 5аәб/3, 6аәб/3, 7аә/2, 8аәбв/4, 9а/1, 10ав/3, 11а/2, барлығы: 23 сағат.

Далабаев А.К. : – 8б/1, 9абв/3, 10б/2, 11б/2, барлығы: 8 сағат.

География пәні бойынша:

Ашимова Г.К. : – 5б/2, 6б/2, 7б/2, 8в/2, барлығы: 8 сағат.

Саркытбаева Г.Ж. : – 7аә/4, 8аәб/5, 9абв/6, 10ав/3, 10б/2, 11аб/4, 8а выбор-1, барлығы: 26 сағат.

Тусупова Г.А. : – 5аә/4, 6аә/4, барлығы: 8 сағат.

Биология пәні бойынша:

Абдрахманова Е.В. : – 7б/2, 8в/2, 9в/2, 10в/2, 11б/2, барлығы: 10 сағат.

Касенова Г. Ж. : – 7аә/4, 8әб/4, 8а/2, 9аб/4, 10аб/4, 11а/2, барлығы: 20 сағат.

Физика пәні бойынша:

Тажина Ә.К. : – 7 аәб/6, 8аәбв/8, 9абв/6, 10абв/6, 11аб/4, барлығы: 30 сағат.

Химия пәні бойынша:

Ахметов Д.М. : – 7аәб/3, 8аәбв/8, 9абв/6, 10абв/6, 11аб/4, барлығы: 27 сағат.

Тарих пәні бойынша:

Ахметова Г.К. :— 6а/3, 7а/3, 8аэ/6, 9а/3, 10б/3, 11а/3, г/к: 6а-1, 8а-2, барлығы: 26 сағат.  
Оралбаева У.А. :— 5аэб/9, 6эб/6, 7а/3, 8б/3, 9б/3, барлығы: 24 сағат.  
Кайырбеков Ж.О. :— 7б/3, 8в/3, 9в/3, 10ав/7, 11б/3, Жаһ: 9аб/2, барлығы: 21 сағат.  
Абсағиева Г.К. (күкык негіздері) :— 9абв/3, 10абв/3, 11аб/2, Глоб:5б, 6б, 7б, 8в/2, 9в-1, барлығы: 11 сағат.  
Музыка пәні бойынша:  
Садвокасов А.У. :— 2а/1, 3аэб/3, 4аэбв/4, 5аэб/3, 6аэб/3, Вокал-1, 2в индив и груп занятия развив х-ра-1, барлығы: 16 сағат.  
АӘД, көркем еңбек пәндері бойынша:  
Алибаев А.К. :— 8а/1, 9аб/2, 10абв/2, 11аб/2, барлығы: 8 сағат.  
Омаров С.Қ. :— 5аэб/6, 6аэб/6, 7аэб/3, 8эбв/3, 9в/1, Роб/тех 8а-1, барлығы: 20 сағат.  
Досымова Б.И. :— 5аэб/6, 6б/2, 7б/1, 8аэбв/4, 9абв/3, барлығы: 16 сағат.  
Адилъханова Ш.С. :— 6аэ/4, 7аэ/2, барлығы: 6 сағат.  
Денешынықтыру пәні бойынша:  
Қайдаров Е.С. :— 3б/3, 4б/3, 8эбв/9, 9аб/6, барлығы: 21 сағат.  
Жакенов М.Е. :— 4а/2, 7а/3, 9в/3, 10абв/9, 11б/3, 4а/1, барлығы: 21 сағат.  
Әубәкір Ж.К. :— 2эб/6, 3аэ/6, 4а/3, 8а/2, 8а/1, барлығы: 18 сағат.  
Сайлаубек Д.К. :— 2ав/6, 4в/3, 5а/3, 6аб/5, 11а/3, 6а/1, барлығы: 21 сағат.  
Мусин Д.А. :— 1а/3, 5аб/6, 6а/3, 7эб/6, барлығы: 18 сағат.  
Бастауыш класс пәндері бойынша:  
Жусупова Б.А. :— рус-яз - 3а/2, 3а/2, 2а/2; п.с 2аб/2, барлығы: 8 сағат.  
Туребаева А.С. :— 1а: Әліп-6, мат-4, жар-1, дүн-1, муз-1, еңб-1, бейн-1, д/ш-3, ц/с-0,5 белсенді-к-1, барлығы: 19,5 сағат.  
Торжанова Г.Б. :— 1а: Әліп-6, мат-4, жар-1, дүн-1, муз-1, еңб-1, бейн-1, ц/с-0,5, бел-коз-1, 4в: каз.яз/4, барлығы: 20,5 сағат.  
Есім Ш.Ж. :— 1в:букв-6, каз-2, мат-4, ест-1, поз-1, муз-1, труд-1, изо-1, физ-ра/3, ц/г-0,5, барлығы: 20,5 сағат.  
Байкадамова Н.Т. :— 2а:к.т.-4, әд-3, ор.т-2, мат-4, жар-1, дүн-1, муз-1, еңб-1, бейн-1 бел-к/2, барлығы: 20 сағат.  
Шамбекова Н.Г. :— 2а:к.т.-4, әд-3, мат-4, жар-1, дүн-1, еңб-1, бейн-1, 4в: рус.яз/4, мат/5, барлығы: 24 сағат.  
Байтурова А.Т. :— 2б:к.т.-4, әд-3, ор.т-2, мат-4, жар-1, дүн-1, муз-1, еңб-1, бейн-1, бел-к/2, 8б: на дому Ермагамбетова А.-2, барлығы: 22 сағат.  
Қалдыбаева О.Х. :— 2в: р-яз-4, лит-3, каз.яз-3,мат-4, ест-1, поз-1, труд-1, изо -1, музыка-1, барлығы: 19 сағат.  
Шайхина Г.К. :— 3а: к.т-4, әд-3, р-яз-2, мат-5, жар-2, дүн-1, еңб-1, бел-к/1, 4а: рус.яз/2, барлығы: 21 сағат.  
Өнербек Ж. :— 3а: к.т-4, әд-3, мат-5, жар-2, дүн-1, еңб-1, бел-к/1, барлығы: 17 сағат.  
Садвокасова С.Т. :— 3б: р-яз-4, лит-3, каз.яз-3, мат-5, ест-2, поз-1, труд-1, 8в: на дому Голобородько Д.-5, барлығы: 24 сағат.  
Рыспаева А.Б.-гимн.кл: —4а: к.т-4, әд-3, р-яз-2, мат-5, жар-2, дүн-1, еңб-1, Гимн.комп-4, 3а: рус.яз/2, барлығы: 24 сағат.  
Жомартова А.С. :— 4а: к.т-4, әд-3, р-яз-2, мат-5, жар-2, дүн-1, еңб-1, белс-к/1, барлығы: 19 сағат.  
Мусылманбек А.К. :— 4б: к.т-4, әд-3, р-яз-2, мат-5, жар-2, дүн-1, еңб-1, белс-к/1, барлығы: 19 сағат.  
Жұмбай Ж.Ә. :— 4в: лит-3, каз.яз-4,ест-2, поз-1, труд-1, 2ә:рус.яз/2, белс/2, барлығы: 15 сағат.



Мектепалды даярлық тобы бойынша:

Адилъханова Ш.С. : – 0а/20, барлығы: 20 сағат.

Женсигалина Ж.С. : – 0ә/20, барлығы: 20 сағат.

Кабдрахманова А.К. : – 0б/20, барлығы: 20 сағат.

Класс жетекшілік, кабинет менгерушілік бойынша:

- 1 «а» класына Туребаева А.С. – 27 кабинет,
- 1 «ә» класына Торжанова Г.Б. – 28 кабинет,
- 1 «б» класына Есім Ш.Ж. – 22 кабинет,
- 2 «а» класына Байкадамова Н.Г. – 25 кабинет,
- 2 «ә» класына Шамбекова Н.Г. – 24 кабинет,
- 2 «б» класына Байтурова А.Т. – 22 кабинет,
- 2 «в» класына Калдыбаева О.Х. – 26 кабинет,
- 3 «а» класына Шайхина Г.К. – 28 кабинет,
- 3 «ә» класына Өнербек Ж. – 21 кабинет,
- 3 «б» класына Садвокасова С.Т. – 27 кабинет,
- 4 «а» гимназиялық класына Рыспаева А.Б. – 24 кабинет,
- 4 «ә» класына Жомартова А.С. – 25 кабинет,
- 4 «б» класына Мусылманбек А.К. – 21 кабинет,
- 4 «в» класына Шамбекова Н.Г. – 26 кабинет,
- 5 «а» класына Шугаева Г.С. – 32 кабинет,
- 5 «ә» класына Оралбекова Ү.А. – 31 кабинет,
- 5 «б» класына Сураева И.П. – 45 кабинет,
- 6 «а» гимназиялық класына Уткельбаева А.М. – 47 кабинет,
- 6 «ә» класына Досымова Г.Х. – 36 кабинет,
- 6 «б» класына Рахметова Н.К. – 41 кабинет,
- 7 «а» класына Дангилова К.А. – 37 кабинет,
- 7 «ә» класына Рахимова М.К. – 34 кабинет,
- 7 «б» класына Имажанова К.Т. – 44 кабинет,
- 8 «а» гимназиялық класына Сураганова Г.М. – 38 кабинет,
- 8 «ә» класына Ахметова Г.К. – 48 кабинет,
- 8 «б» класына Тажина А.К. – 51 кабинет,
- 8 «в» класына Сураева И.П. – 45 кабинет,
- 9 «а» класына Бадыкова Ш.К. – 47 кабинет,
- 9 «б» класына Дангилова К.А. – 37 кабинет,
- 9 «в» класына Абсағиева Г.К. – 54 кабинет,
- 10 «а» класына Сулейменова А.Б. – 46 кабинет,
- 10 «б» класына Ахметова Г.К. – 48 кабинет,
- 10 «в» класына Абсағиева Г.К. – 54 кабинет,
- 11 «а» класына Досымова Г.Х. – 36 кабинет,
- 11 «б» класына Рахметова Н.К. – 41 кабинет

Мектепалды даярлық кластарының мұғалімдері: 0 «а» класына Адилъханова Ш.С., 0 «ә» класына Женсигалина Ж.С., 0 «б» класына Кабдрахманова А.К.

Ескерту: өнірістік қажеттілікке байланысты мұғалімдердің жүктемесі 24 сағаттан артық болған жағдайда, Аудандық білім бөліміне өтініш-хат жазылып, еңбекақыны толық төлеуін сұраймыз.

## Қаулы етті:

1.Лауазымдақ жүктемелер мектеп бұйрығымен бекітілсін. Жаңадан жұмысқа орналасқан тарих пәнінің мұғалімі Үмітжан Алданқызы Оралбаеваға Султанова Гульден Макышовна тәлімгер болып тағайындалсын. Жұмыс барысын қадағалау мектеп директоры Н.Тәжинге жүктелсін.

2. «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқаулық хаттың негізінде әр пән мұғалімі жұмыс атқарсын. Жұмысты қадағалау директордың орынбасары Б.Жусуповаға жүктелсін.

3.2023-2024 оқу жылына мұғалімдер жүктемесі мен класс жетекшілік міндеттері бекітілсін. Жұмыс барысын орындау директордың орынбасары Г.Тусуповаға жүктелсін.

Төраға:



Н.Тәжин

Хатшы:



А.Уткельбаева

Ағымдағы оқу жылында сынып оқушылары 5, 6, 7, 8, 10, оқу жылының соңында қазақ тілінде оқытатын сыныптарда «Қазақ тілі» пәнінен және орыс тілінде оқытатын сыныптарда «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен емтихан тапсыру жүргізіледі. Қазақ тілі бойынша емтихан оқушылардың пәндік бағдарламалардың мазмұнын МЖМС (тыңдау, ауызекі сөйлеу, оқу, жазу) сәйкес жазбаша және ауызша нысанда меңгеруін бағалау мақсатында өткізіледі.

Емтиханды өткізу уақытын білім беру ұйымының педагогикалық кеңесі айқындайды, тапсырмаларды Академиялық адалдық қағидаттарын сақтай отырып, оқытушылар жасайды және білім беру ұйымының әкімшілігі бекітеді.

«Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша қорытынды баға емтихан нәтижелері мен жылдық бағалау негізінде 30-дан 70-ке дейінгі пайыздық арақатынаста қойылады.

- ▶ **Қысқаша сипаттама** Білім алушыларды аралық аттестаттау - білім алушылардың оқу аяқталғаннан кейін бір оқу пәнінің бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын игеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім.
- ▶ **Аралық аттестаттау мақсаты**- білім алушылардың «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша оқу бағдарламасының көлемін меңгеру деңгейін негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (бұдан әрі – МЖМББС) талаптарына сәйкес бағалау.
- ▶ **Аралық аттестаттаудың міндеті:** білім алушылардың білім берудің келесі деңгей материалдарын игеру дайындығы мен функционалдық сауаттылықтарының қалыптасу деңгейлерін бағалау.
- ▶ **Емтиханды өткізу тілі.** Емтихан қазақ тілінде өтеді.

Үлгілік оқу бағдарламасымен байланысы.

Білім алушыларды аралық аттестаттау жаңартылған білім мазмұны бойынша негізгі орта білім беру деңгейінің 5-8, 10-сыныптарына «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын қамтиды.

Білім алушылардың білімі, білігі, сондай-ақ дағдылары МЖМББС күтілетін нәтижелермен анықталады.

Қазақ тілінің мәртебесін арттыруды көздеп 5-8, 10 - сыныптарда өткізілетін қазақ тілінде оқытатын мектептердегі «Қазақ тілі», қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша аралық аттестаттау - негізгі орта (5-8 сыныптар), жалпы орта (10 сынып) білім деңгейінде академиялық жылды аяқтаған кезде «Қазақ тілі» және «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша білім алушылардың бағдарлама мазмұнын меңгеруін бағалау нысаны ретінде қарастырылады.

«Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша білім алушының оқу үлгерімін тексеруге берілген

эссе тақырыптарының жалпы саны – 30.

Сөз саны қазақ сыныптарында:

5-класта 100-110 сөз; 6-класта 110-120 сөз; 7-класта 120-130 сөз; 8-класта 130-140 сөз; 10-класта 140-150 сөз;

Сөз саны орыс сыныптарында:

5-класта 80-90 сөз; 6-класта 90-100 сөз; 7-класта 100-110 сөз; 8-класта 110-120 сөз; 10-класта 120-130 сөз;

Аралық аттестаттау тапсырмасы мазмұнының сипаттамасы :

**2023-2024 оқу жылындағы №2 педагогикалық кеңес отырысының  
хаттамасы**

01.11.2023 жыл

Қатысқандар: 60

**Күн тәртібінде:**

1. I тоқсан қорытындысы, білім сапасы. 2023-2024 оқу жылын «Алтын белгі» және үздік аттестатпен аяқтайтын 9,11 класс оқушыларын бекіту.

Г.Тусупова

2. Білім алушыларды «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінен 5-8, 10 кластарда аралық аттестаттау бойынша әдістемелік ұсыным.

Б.Жусупова

3. Мектептерге арналған PISA-2023 халықаралық зерттеуін өткізуге дайындық жұмыстарын ұйымдастыру.

Б.Жусупова

4. «kundelik.kz» электронды журналдың толтырылуы, жағдайы.

М.Сайлаубек

5. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жұмысын ұйымдастыру, қызметін жүзеге асыру туралы.

Г.Ашимова

6. Электрондық оқулық OPIQ сайтымен жұмыс жасауын көрсету.

Мухтарова Ж.Ж., кітапханашы

7. Әртүрлі сұрақтар.

**Тыңдалды:**

Мектеп директоры Н.Тәжин: – Құрметті әріптестер! Бүгінгі педкеңесте қаралатын 6 мәселе. Осы қаралатын мәселелер дауысқа салынды, бір ауыздан қабылданды, қалыс қалған жоқ.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе I тоқсан қорытындысы, білім сапасы. 2023-2024 оқу жылын «Алтын белгі» және үздік аттестатпен аяқтайтын 9,11 класс оқушыларын бекіту туралы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Тусупова мәдімдеме жасады: – Қайырлы күн, құрметті әріптестер! I тоқсан қорытындысы, білім сапасы келесідей, 2-кластар бойынша білім сапасы:

2 “а” класында 61%, 2 “ә” класында 87%, 2 “б” класында 68%, 2 “в” класында 75%.

3 “а” класында 74%, 3 “ә” класында 63%, 3 “б” класында 68%.

4 “а” класында 76%, 4 “ә” класында 56%, 4 “б” класында 53%, 4 “в” класында 48%.

5 “а” класында 59%, 5 “ә” класында 52%, 5 “б” класында 72%.

6 “а” класында 77%, 6 “ә” класында 57%, 6 “б” класында 57%.

7 “а” класында 36%, 7 “ә” класында 42%, 7 “б” класында 44%.

7 “а,ә,б” кластарында білім сапасы неге төмен, класс жетекшілер?

**Сөз алды:**

7 «а» класының класс жетекшісі К.А.Дангилова: – Лесбек М-да геометриядан «3» шықты. Үздіктер екеу. Оралбаева Амирада алгебрадан «4» шықты. БЖБ, ТЖБ төмен жазған.

Математика пәні мұғалімі Қ.Т.Имажанова: – Оралбаева Амира алгебрадан БЖБ, ТЖБ-ны төмен жазды.

Бастауыш сынып мұғалімі А.Б.Рыспаева: – Баланың қабілеті жақсы.

7 «ә» класының класс жетекшісі М.К.Рахимова: – Класта 19 оқушы, 1 озат оқушы, 7 екпінді, ер балалар «3»-ке оқиды, жарысқа қатысады. 2 оқушы дзюдоға қатысады.

7 «а» класының класс жетекшісі К.А.Дангилова: – Менің класымдағы Қаһарман Ә. Оқушымды боксқа жіберген жоқпын. Себебі, БЖБ, ТЖБ жазған жоқ, ата-анасы ренжіді.

7 «б» класының класс жетекшісі Қ.Т.Имажанова: – Класта 1 үздік оқитын оқушы, 3 екпінді оқушы. 1 үздік оқитын оқушым қалаға көшіп кетті. Сол себептен кластың білім сапасы төмендеді.

8 “а” класында 53%, 8 “ә” класында 61%, 8 “б” класында 57%, 8 “в” класында 28%.

8 “а” гимназиялық класс пәндері бойынша білім сапасы:

Қазақстан тарихы 95%.

Ағылшын тілі 84%.

Орыс тілі 89%.

Қазақ әдебиеті 89%.

Қазақ тілі 95%.

Химия 89%.

Физика 63%.

Биология 95%.

Алгебра 68%.

8 “а” гимназиялық класында былтыр білім сапасы 79%-ті, биыл 1-тоқсанды 53%-пен аяқтады. 26%-ке білім сапасы төмендеді. 6 оқушы бір «3»-пен шығып тұр.

1. Абиляхамитов Ерасыл – физика
2. Жағыпарова Айша – физика
3. Ислям Альбина – физика
4. Нұрлан Хадиша - алгебра
5. Саматқызы Жанайым- алгебра
6. Каптысәлімов Сұлтан – 1-тоқсанды бір «4»-пен аяқтады (алгебра)

### Сөз алды:

Математика пәні мұғалімі Қ.Т.Имажанова: – Каптысәліямов Сұлтан бір «4»-пен шықты.

Б.Жусупова: – Каптысәліямов Сұлтан оқитын, потенциалы бар оқушы. Жеке жұмыс жасаңыз, үйретіңіз.

Физика пәні мұғалімі А.К.Тажина: – 3 балада бір «3» шықты, себебі, БЖБ, ТЖБ-ны төмен жазды.

8 “а” гимназиялық класының класс жетекшісі Г.М.Сурағанова: – Менің класыма 8 “а” класынан Нұркеш Нұрқасым ауысып келді. Оқу үлгерімі бойынша “3”-ке оқитын оқушы. Оқу үлгерімін көтере алмады.

Математика пәні мұғалімі Қ.Т.Имажанова: – Нұркеш Нұрқасым 1-сабаққа математикаға үнемі кешігіп келеді.

8 “в” класында білім сапасы неге төмен?

8 «в» класының класс жетекшісі И.П.Сураева: – Кластан 1 екпінді оқушым көшіп кетті. 2 оқушым физикадан түсіп кетті.

Мектеп директоры Н.Тәжин: – Г.Асығатовна, неше рет сабаққа қатыстыңыз?

Г.Асығатовна: – Сабақтарға қатысқан жоқпын.

Мектеп директоры Н.Тәжин: – мектеп әкімшілігі толық және ӘБ жетекшілері сабақтарға қатыссын.

9 “а” класында 68%, 9 “б” класында 33%, 9 “в” класында 16%.

10 “а” класында 60%, 10 “б” класында 50%, 10 “в” класында 100%.

11 “а” класында 63%, 11 “б” класында 50%.

2-11 кластар бойынша білім сапасы келесідей,

2-кластар 75%, 3-кластар 69%, 4-кластар 59%, 5-кластар 61%, 6-кластар 64%, 7-кластар 40%, 8-кластар 50%, 9-кластар 44%, 10-кластар 59%, 11-кластар 62%.

2022-2023 оқу жылының 1-тоқсанында білім сапасы 56% -ті көрсетсе, 2023-2024 оқу жылдарының 1-тоқсанын 59% -ті көрсетіп отыр. 3% -ке білім сапасы көтерілді.

Биылғы оқу жылының 1-тоқсаны бойынша ЖМБ пәндерінің орта есеппен білім сапасының көрсеткіші: 68%.

Жаратылыстану 77%.

Информатика 92%.

География 63%.

Биология 81%.

Химия 70%.

Физика 51%.

Геометрия 54%.

Алгебра 60%.

Математика 64%.

Биылғы оқу жылының 1-тоқсаны бойынша ҚТБ пәндерінің орта есеппен білім сапасының көрсеткіші: 72%.

Қазақстан тарихы 80%.

Ағылшын тілі 71%.

Орыс тілі мен әдебиеті 74%.

Орыс әдебиеті 68%.

Орыс тілі 66%.

Қазақ тілі мен әдебиеті 69%.

Қазақ әдебиеті 69%.

Қазақ тілі 70%.

Үздік аттестатқа үміткерлер:

1. *Боштаева Ақниет* – 9 «а» класы
2. *Ислям Айым* – 9 «а» класы
3. *Ермекбаев Иманәлі* – 9 «а» класы
4. *Қажыкен Аружан* – 9 «а» класы
5. *Ақан Арайлым* – 11 «а» класы

9 “а” класында 7 оқушы, 9 “б” класында 2 оқушы үздік аттестатқа үміткер болған.

Оқу үлгерім табельдерінде 5- класта оқушыларда “4” бағалары бар. Сол себептен үздік аттестатқа үміткер бола алмайды.

11-класта тағы 1 оқушы үздікке шықты, бірақ 10-класта “4” бағалары болғандықтан,

11-класта үздік аттестатқа үміткер бола алмайды.

Ұсыныс:

1. *1 тоқсан қорытындысы негізінде білім сапасы 50%-тен төмен кластарда 4в, 7а, 7ә, 7б, 8в, 9б, 9в білімі төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізуге ұсыныс білдіремін. Гимназиялық 8 а класында физика мен математика пәндері бойынша пән мұғалімдері жеке жоспар құрып, қосымша жұмыстар жүргізу ұсынысын білдіремін. Мектеп әкімшілігі және ӘБ жетекшісі 2-тоқсан бойы сабақтарына қатысуға ұсыныс жасаймын.*
2. *Үздік аттестатқа 9 а класс оқушылары: Боштаева Ақниет, Ермекбаев Иманәлі, Ислям Айым, Қажыкен Аружанды және 11а класынан Ақан Арайлымды ұсынамын.*

Қосымша хабарландыру. 9,11 кластарда барлық пәннен пәндік олимпиада сенбі, 11 қараша күні өткіземіз.

Білім алушыларды «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінен 5-8, 10 кластарда аралық аттестаттау бойынша әдістемелік ұсыным туралы директордың ҒӘЖ жөніндегі орынбасары Б.Жусупова мәлімдеме жасады: – Білім алушыларды «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінен 5-8, 10-сыныптарда аралық аттестаттау бойынша әдістемелік ұсыным (5, 6, 7, 8, 10-сыныптар)

«Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінен эссе жазуда тапсырмалардың мазмұны ақпаратты түсіну, мәтіннің құрылымы мен негізгі ойын түсіну, мәтіннің стильдік ерекшелігін тану, проблемалық сұрақтар құрастыру, түрлі дереккөздерден ақпарат ала білу, мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау, түсіну және жауап беру, анализ және интерпретация, орфографиялық, орфоэпиялық, пунктуациялық нормаларға құрылған.

Емтихан ерекшеліктері:

**Білімді тексеру тапсырмасының формасы:** оқылым, жазылым дағдыларын қолданып эссе жазу

**Білімді тексеру тапсырмаларын орындау уақыты:** орындау уақыты – 120 минутты құрайды. Жалпы эссені жазу уақыты берілген тапсырмаларды оқуға жұмсалатын уақытты ескере есептелген.

**Білімді тексеру тапсырмалары мен жалпы жұмысты бағалау:** Критериалды бағалау жүйесімен байланысы білім алушыларды аралық аттестаттау қалыптастырушы және жиынтық бағалауды қамтитын критериалды бағалау жүйесінің бөлігі болып табылады. Дұрыс орындалған тапсырма үшін оқушы жиынтық балл (5 балл) жинайды.

Мысалы: 10-сынып ЖМБ бойынша:

**Тыңдалым және айтылым.** Тыңдалған мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты анықтайды.

**Оқылым.** Білім алушы өзі жазған эссе мәтінінен негізгі ойды анықтап, сұрақтар құрастырады.

**Жазылым.**

«Келісу, келіспеу» эссесін жазады. Жазылым барысында мәтіндердегі мәліметтер мен пікірлерді өңдеп, қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданады, тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазады.

24 қазан күні эссе жазу туралы ұсыным келді. Эссе жазу бойынша күрделі жұмыс жасау керек.

Мектептерге арналған PISA-2023 халықаралық зерттеуін өткізуге дайындық жұмыстарын ұйымдастыру туралы директордың ҒӘЖ жөніндегі орынбасары Б.Жусупова мәлімдеме жасады: – Мектептерге арналған PISA деген не? - бұл ЭЫДҰ әзірлеген, оқушылардың дағдыларын бағалауға және мектеп/колледж әкімшілігіне 15 жастағы оқушылардың сыни ойлауын, өз білімін жаңа мәнмәтіндерде іскерлікпен қолдана алуын түсініп талдауға көмектесетін бағдарлама.

Бағалау бағыты: Оқу, математика, жаратылыстану.

Зерттеуге қатысушылар: 15,3-тен 16,2-ге дейінгі жас аралығындағы оқушылар.

Өзгергені мектептегі PISA, колледждағы PISA. Іріктеу жасалды, Ақмола облысынан 68 мектеп қатысады. Біздің мектептен 24 оқушы қатысады. Жас ерекшелігі 15,3 – 16,2 айға дейін. 6 қарашадан PISA басталады. Қарашаның кез келген күнінде тапсырады.

Мектеп ұжымы соя күні түгел болу керек.

1-бөлімі: 60 минут тапсырады. 5 минутқа ғана үзіліске шығуға болады.

2- бөлімі: 60 минут.

Тест әкімшілері: Гульнур Муканмедяровна, Махаббат Адымовна. PISA өткен аудиторияда сағат болу керек. Оқушыларға ештеңе кіргізуге болмайды. Ұялы



телефон, калькулятор, т.б. Класс жетекші сағат, ақ қағаз, қалам, қарындаштар кабинетке дайындауы керек.

PISA-ны 21 оқушы қазақ класынан, 3 оқушы орыс класынан тапсырады. PISA тапсыратын күнге кезекшілік қойылады.

«kundelik.kz» электронды журналдың толтырылуы, жағдайы туралы Махаббат Адымовна мәлімдеді: – 55 ата-ана активация өтпеген. 0 «а,ә» кластарының ата-аналары активациядан өтпеген. 8 ата-ана 2 «ә», 9 «в», 3 «в», 10 «а» кластарына келген оқушылар активация өтпеген. 0 «а» класының класс жетекшісі Шынар Сейітбековна, 0 «ә» класының класс жетекшісі Жансая Сағинаевна.

Мектеп директоры Н.Тажин 0 «ә» класының класс жетекшісі Жансая Сағинаевнаға ата-аналарының активациядан өтпегені үшін ескерту айтылды.

6 қараша күнге, яғни дүйсенбі күні лездемеде Махаббат Адымовнаға активация жөнінде есеп беру керектігін мектеп директоры Н.Тажин айтты.

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жұмысын ұйымдастыру, қызметін жүзеге асыру туралы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ашимова мәлімдеді: – Ата-аналарды педагогикалық-психологиялық қолдау орталығы құрылады. 9 қазан 2023 жылы мектеп бұйрығы шықты. 2-тоқсаннан бастап 8 іс-шара өткіземіз. Жеке жоспар бар. Сауалнама алынады. «Даналық» клубы ашылады. Әкелер, әжелер клубтары келер, әжелер клубтары 3-тоқсанда ұйымдастырылады.

Электрондық оқулық ОРИҚ сайтымен жұмыс жасау туралы ақпаратты мектеп кітапханашысы Мухтарова Жазира Жанатқызы мәлімдеді: – Оріқ қосымшасына логин, пароль енгізу арқылы қосыламыз. «Мектеп» баспасын таңдауымыз керек. Оқушыларға үй тапсырмасын осы қосымшадан береміз. Оқушыларды да осы жерге енгіземіз.

Әртүрлі сұрақтар бойынша мектеп директоры Тажин Нұрлан Есіркепұлы сөз алды: «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығын беру қағидаларын негізге ала отырып, мектеп әкімшілігі дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Кайдаров Ермухамед Сарсебековичті ұсынады. Себебі Ермухамед Сарсебековичтің республикалық деңгейде жетістіктері аз емес, оқушылары да (яғни, қыздар волейбол командасы) спорт саласында көзге түсіп, облыстық деңгейде чемпион болып, республикалық жарыстарға шығып жүрген команда. Сондықтан сіздер қолдайды деген сенімдемін.

### **01 қараша күні өткен №2 педагогикалық кеңесі қаулы етті:**

1.1тоқсан қорытындысы негізінде сапасы 50%-тен төмен кластарда 4в, 7а, 7ә, 7б, 8в, 9б, 9в білімі төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізілсін. Гимназиялық 8 а класында физика мен математика пәндері бойынша пән мұғалімдері жеке жоспар құрып, қосымша жұмыстар жүргізісін. ӘБ жетекшісі мен мектеп әкімшілігі 2-тоқсан бойы сабақтарына қатысып, ұсыныстарын білдірсін. Жұмыс барысын ұйымдастыру, қадағалау директордың орынбасары Г.Тусуповаға жүктелсін.

2.Үздік аттестатқа 9 а класс оқушылары: Бошгаева Ақниет, Ермекбаев Иманәлі, Ислям Айым, Қажыкен Аружан және 11а класынан Ақан Арайлым ұсынылсын. Жұмыс барысын орындау директордың орынбасары Г.Тусуповаға жүктелсін.

3.2023-2024 оқу жылының соңында 5,6,7,8,10 кластарда аралық аттестаттау негізінде «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінен емтиханға дайындық жұмыстарын пән мұғалімдері жүргізісін, әдістемелік ұсынымдар назарға алынсын. Жұмысты қадағалау директордың орынбасары Б.Жусуповаға жүктелсін.

4.Мектепке арналған PISA-2023 халықаралық зерттеуін өткізуге күрделі дайындық жұмыстары жүргізілсін. Жұмыс барысын орындау директордың орынбасары Б.Жусуповаға жүктелсін.

5. «kundelik.kz» электронды журналды аса жауапкершілікпен толтырып, 100%-тен төмен болмауын қадағалау. Жұмысты қадағалау директордың орынбасары М.Сайлаубекке жүктелсін.

6. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» 2-тоқсаннан бастап ашылып, жұмысы ұйымдастырылсын. Жұмыс барысын орындау директордың орынбасары Г.Ашимоваға жүктелсін.

7. Электрондық оқулық ОРИҚ сайтымен жұмысты жүргізу. Жұмыс барысын кітапханашы Ж.Мухтароваға жүктелсін.

Төраға:



Н.Тәжин

Хатшы:



А.Уткельбаева

05.01.2024 ж.  
Қатысқандар: 68

Өткен пед.кеңестің шешімі бойынша атқарылған жұмыстар мәлімдемесі:

- 1-тоқсан қорытындысы негізінде сапасы 50%-тен төмен кластар бойынша: 4 «в» – Шамбекова Н.Г., 7 «а», 9 «б» – Дангилова К.Ә., 7 «ә» – Рахимова М.К., 7 «б» – Имажанова К.Т., 8 «в» – Сураева И.П., 9 «в» – Абсағиева Г.К.
2. Б.Жусупова – 5,6,7,8,10-кластардағы аралық аттестация туралы.
3. М.Сайлаубек – «kundelik.kz» электронды журнал туралы.
4. Г.Ашимова – «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы туралы.
5. Ж.Мухтарова – Электрондық оқулық ОРИҚ сайтының жұмысы туралы.

### Күн тәртібінде:

1. II тоқсан және I жартыжылдық бойынша оқу сапасының қорытындысы. Оқу бағдарламаларының I жартыжылдықтағы орындалуы. I жартыжылдықтағы пәндер бойынша үлгермеушіліктің алдын алу.

Г.Тусупова

2. Әдістемелік бірлестік жұмыстарын жүргізу, нәтижелер, қорытындылар мен ұсыныстар.

Н.Рахметова  
Н.Махметова  
А.Рыспаева

3. Оқушылардың әлеуметтік, психологиялық жағдайын зерделеу туралы.

Г.Абсағиева  
А.Судейменова  
А.Байтурова

4. Бастауыш класс оқушыларының оқу жылдамдығының I жартыжылдық бойынша нәтижесі.

А.Рыспаева

Өткен пед.кеңестің шешімі бойынша атқарылған жұмыстар мәлімдемесі: 4 «в» класында Шамбекова Н.Г.: – 1-тоқсанда білім сапасы 47%, 2-тоқсанда 52%, 5%-ке көтерілді. 7 «а» класында Дангилова К.Ә.: – 1, 2-тоқсанда 50% өзгеріссіз, 9 «б» класында Дангилова К.Ә.: 1-тоқсанда білім сапасы 33%, 2-тоқсанда 42%, 9%-ке көтерілді, химиядан, алгебрадан қосымша сабақтарға оқушылар келді, 3-тоқсанда жұмысты әрі қарай жалғастырамыз. 7 «ә» класында Рахимова М.К.: 1, 2-тоқсанда 42% өзгеріссіз, пән мұғалімдері қосымша сабақтарға шақырды. Ер балалар дзюдоға қатысады, жиі сабақтан босатылады. 7 «б» класында Имажанова К.Т.: – 1-тоқсанда білім сапасы 44,4%, 2-тоқсанда 55,5%, 11,1%-ке көтерілді, Каукеева Д. оқу үлгерімі көтерілді. 8 «в» класында Сураева И.П.: – 1-тоқсанда білім сапасы 28%, 2-тоқсанда 43%-ке көтерілді, Базылева Д., Морина К. оқу үлгерімдері көтерілді, 9 «в» класында Абсағиева Г.К.: – Барлығы 12 оқушы, 3 оқу екпіндісі, білім сапасы 26%.

5,6,7,8,10-кластардағы аралық аттестация туралы директордың FӘЖ жөніндегі орынбасары Б.Жусупова мәлімдеді: – 5-8, 10-кластан кейін аралық қорытынды емтихан тапсырады. 3-тоқсаннан бастап оқушыларға эссе жазуды үйрету ұсынысын білдіремін.

«kundelik.kz» электронды журнал туралы М.Сайлаубек: – электронды журнал күнделікті толтырылады, толтырылмағандарға жеке ескертулер айтылады.

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы туралы Г.Ашимова: – Ата-аналар жиналысы өтті. «Даналық клубы» бойынша 3-тоқсанда семинар өткіземіз.

Электрондық оқулық ОРИҚ сайтының жұмысы туралы Ж.Мухтарова: – ОРИҚ сайтымен 21 мұғалім жұмыс жасап жатыр. Данияр Муратович, Жоламан Омарович қолданып жатыр. ОРИҚ-ке қойылған баға автоматты kundelik.kz-ке қойылады.

### **Тыңдалды:**

II тоқсан және I жартыжылдық бойынша оқу сапасының қорытындысы. Оқу бағдарламаларының I жартыжылдықтағы орындалуы. I жартыжылдықтағы пәндер бойынша үлгермеушіліктің алдын алу туралы оқу ісі орынбасары Г.Тусупова мәлімдеді:

– II тоқсан қорытындысы бойынша мектебіміздің білім сапасының көрсеткіші,

2-кластар бойынша, 2 “а” класында білім сапасы 62%, 2 “ә” класында 87%, 2 “б” класында 68%, 2 “в” класында 69%.

3-кластар бойынша, 3 “а” класында білім сапасы 70%, 3 “ә” класында 59%, 3 “б” класында 63%.

4-кластар бойынша, 4 “а” класында білім сапасы 76%, 4 “ә” класында 59%, 4 “б” класында 62%, 4 “в” класында 52%.

5-кластар бойынша, 5 “а” класында білім сапасы 68%, 5 “ә” класында 54%, 5 “б” класында 68%.

6-кластар бойынша, 6 “а” класында білім сапасы 77%, 6 “ә” класында 61%, 6 “б” класында 54%.

7-кластар бойынша, 7 “а” класында білім сапасы 50%, 7 “ә” класында 42 %, 7 “б” класында 56%.

8-кластар бойынша, 8 “а” класында білім сапасы 78%, 8 “ә” класында 57%, 8 “б” класында 67%, 8 “в” класында 43%.

9-кластар бойынша, 9 “а” класында білім сапасы 76%, 9 “б” класында 42 %, 9 “в” класында 25%.

